



Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының тарихи-мәдени мұра объектілері құрылысын салуды реттеу аймақтарының, қорғау аймақтарының шекараларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 6 қарашадағы N 39/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қарашада N 3476 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 43/8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 28.05.2020 № 43/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының тарихи-мәдени мұра объектілері құрылысын салуды реттеу аймақтарының, қорғау аймақтарының шекаралары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаттың
XXXIX сессиясының төрағасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы*

Қ. Едіресов

Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 6 қарашадағы № 39/4 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекаралары

№ р/с	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің мекенжайы	Қорғау аймағының аланы	Құрылыс салуды реттеу алаңы

1	"XIX ғасырдың аяғындағы көпес Шафеевтың үйі" тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары	Қ а л а құрылысы және сәулет өнері	Қазақстан Конституциясы көшесі, 24	3280,0 м2	16000,0 м2
2	"XIX ғасырдың аяғындағы көпес Шафеевтың дүкені" тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары	Қ а л а құрылысы және сәулет өнері	Қазақстан Конституциясы көшесі, 22	4185,0 м2	17200,0 м2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК